

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Білім мен ғылымды жетілдіру мәселелері шешуге қабілетті, еңбек нарығының талаптарына сәйкес кәсіби құзыреттілікті меңгерген шет тілдерін оқытудың инновациялық технологияларын меңгерген «8D01703-Шетел тілі: екі шетел тілі» БББ бойынша философия (PhD) докторларын даярлау.

### 1.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

<b>Білім беру бағдарламасының түрі</b>	ағымдағы
<b>Білім беру бағдарламасының атауы</b>	«8D01703-Шетел тілі: екі шетел тілі»
<b>Білім беру саласы</b>	8D01 Педагогикалық ғылымдар
<b>Даярлау бағыты</b>	8D017 Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау
<b>Білім беру бағдарламасының тобы</b>	D019 – Шет тілдері педагогтерін даярлау
<b>Білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензия №, күні, айы, жылы</b>	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетімен «04» тамыз 2020 ж. берілген № KZ75LAA00018542 лицензия негізінде іске асырылады
<b>БББ Тізіміндегі № және тіркеу/жанарту күні</b>	№ 7M01700059, «27» 01.2022 ж
<b>ҰБШ бойынша деңгейі</b>	Докторантура, деңгей 8
<b>Берілетін дәреже</b>	«8D01703-Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)
<b>Білім беру бағдарламасын аккредиттеу</b>	ACQUIN
<b>Білім беру бағдарламасының рейтингі</b>	<i>Атамекен:</i>
<b>Жалпы академиялық кредит саны</b>	180
<b>Оқу мерзімі</b>	3 жыл

### 1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

#### **Бағдары:**

Тез өзгеретін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

#### **Миссиясы:**

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

#### **Бағдарламалық мақсаты:**

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.

#### **Құндылықтары:**

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

#### **Университет түлегінің атрибуттары:**

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгеретін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға

## 1.2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

*Білім беру бағдарламасының өзектілігі.* «8D01703-Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасы бойынша Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті жүзеге асыратын білім беру бағдарламасы D019 – Шет тілдері педагогтерін даярлау тобы бойынша ғылыми зерттеулер саласындағы мемлекеттік стратегияны іске асыруға бағытталған және жоғары академиялық біліктілігі мен жоғары шығармашылық әлеуеті, іргелі кәсіби және ғылыми дайындығы бар, сондай-ақ динамикалық өзгеріп отыратын еңбек жағдайына және халықаралық-стандартты талаптарға икемді ден қоюға қабілетті, дамыған дүниетанымдық мәдениеті, бейіндік, ғылыми және педагогикалық докторантура шеңберінде қалыптасқан жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі бар мамандарды кәсіби даярлау бойынша мемлекеттік стратегияны іске асыруға бағытталған.

Бағдарлама жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, мамандықтың үлгілік оқу жоспарына, Жоғары білім мамандықтарының жіктеуішіне (докторантура), Еуропалық біліктілік шеңберімен келісілген Дублин дескрипторларына сәйкес әзірленген, еңбек нарығының қажеттілігін, жұмыс берушілердің үміттерін және білім алушылардың жеке мүдделерін ескереді.

Бағдарлама өз назарын осы этикалық зерттеуге бағыттайтын, жоғары оқу орындарында мамандандырылған дайындыққа қажетті білім мен құзыретке ие, арнайы білім беру ұйымдары мен ғылыми-зерттеу институттарында, жоғары оқу орындарында кәсіби дайындық кезінде талап етілетін білімі мен құзыреттілігі бар өзге тілді білім беруге өз үлесін және ықпалын енгізу үшін докторанттарды дайындауға бағытталған.

*Нарықтағы сұранысы.* Біздің білім беру бағдарламасының түлектері университеттер, үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдар, жұмыс берушілер арасында сұранысқа ие. Бағдарлама Қазақстандағы шет тілді білім беруді жаңғыртуға және білім беру (педагогикалық), ғылыми, әлеуметтік және мәдени салаларда халықаралық деңгейдегі көшбасшылардың жоғары білікті тобын құруға ықпал етеді. Тіл жүйесін практикалық игеру және дербес ғылыми зерттеуді жүзеге асыру нәтижесінде алынған шетел тілдерін меңгерудің кәсіби деңгейі, сондай-ақ мәдениетаралық коммуникация дағдылары осы бағыттағы түлектерге еңбек нарығында бәсекелестікке төтеп беруге мүмкіндік береді.

Заманауи педагогикалық технологияларды, ауызша, жазбаша және мультимодальды тұлғааралық және жаппай қарым-қатынас дағдыларын жоғары деңгейде меңгеру докторантурада алған құзыреттіліктерді практикалық қолдануға кең мүмкіндіктер ашады.

*Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының БББ-мен сәйкестігі.* Эссекс университетімен (әлемдік 100 университет тобы бойынша 22 орында) пайыздық көрсеткішпен 31%, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (әлемдік 100 университет тобы бойынша 21 орында) пайыздық көрсеткішпен 45% құрайды.

## 1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	Польша, Силезия Университеті, 2020 ж. бастап; Миссисипи алқабы мемлекеттік университеті, АҚШ (MVSU, USA), 2016 ж. бастап Нииде Омер Халисдемир университеті, Түркия, 2019 ж. бастап
----------------------	---

### **Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі**

Эссекс университетімен (әлемдік 100 университет тобы бойынша 22 орында) пайыздық көрсеткішпен 31%, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (әлемдік 100 университет тобы бойынша 21 орында) пайыздық көрсеткішпен 45% құрайды.

## 1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТИҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

«8D01703-Шетел тілі: екі шетел тілі» бағдарламасы түлектерінің болашақта жұмысқа орналасуы үшін негізгі жұмыс берушілер:

1. Оқу орындары (бакалавриат, магистратура және докторантураның ағылшын тілі оқытушысы)

2. Негізгі, жалпы орта және орта арнайы білімнің көлемі. бағалау, білім беру тестілері, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы студенттермен алмасу бағдарламаларын ұйымдастыру.

3. Ғылыми сала (әлеуметтік, педагогикалық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеушілер мен әзірлеушілер).

#### 1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

1 кәсіби құзыреттілік саласы

– білім беру (педагогикалық);

2 кәсіби құзыреттілік саласы

– эксперименттік-зерттеушілік;

3 кәсіби құзыреттілік саласы

– ұйымдастыру-басқару;

#### 1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

**ОН1** – Әр түрлі эмпирикалық зерттеулер мен әдістерді бағалайды және салыстырады;

**ОН2** – Коммуникацияның қазіргі заманғы теорияларын және зерттеу міндеттерін шешу кезінде шет тілді білім берудің қазіргі концепцияларын талдау жүйесін жіктейді;

**ОН3** – Бастапқы (ғылыми мақала, академиялық рецензия, монография, диссертация) және екінші (аннотация, тезистер, автореферат, мамандандырылған энциклопедиялық мақала, ғылыми пікірталас, ғылыми жобаның сипаттамасы) жанрларын меңгерген;

**ОН 4** – Мәдениетаралық коммуникация субъектісі дамуының негізгі заңдылықтарын зерттеу үшін аналитикалық, сараптамалық және болжамдық қызмет іскерліктерін қолданады;

**ОН5** – Педагогтың кәсіби этикасының қағидалары мен нормаларын сақтай отырып, түрлі тәсілдерді қолдану негізінде ғылыми ақпаратты жинақтайды, қорытындылайды;

**ОН6** – Шет тілді білім беру әдістемесі саласындағы ғылыми-зерттеу және қолданбалы қызметтің заманауи әдістерін және тілді оқыту саласындағы инновациялық технологияларды меңгерген;

**ОН7** – Зерттеу және практикалық міндеттерді шешу кезінде, оның ішінде пәнаралық салаларда жана идеяларды генерациялайды;

#### БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12
ТА1	+	+	+		+	+	+	+	+	+		+
ТА 2	+	+	+	+	+		+	+	+	+	+	+
ТА 3			+	+		+	+			+	+	
ТА 4		+							+			
ТА 5	+			+	+		+	+			+	+
ТА 6						+	+					

#### 1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

**Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:**

1) «Педагог» кәсіби стандарты Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығымен бекітілген

2) Білім беру саласындағы СБШ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу салалық үшжақты комиссиясының 2016 жылғы 23 қарашадағы № 2 отырысының хаттамасымен бекітілген.